

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ**  
**Ғылыми кеңес отырысында**  
**23.05.2022 ж. № 10 хаттамамен**  
**БЕКІТІЛДІ**

**D142 – «Әлеуметтік жұмыс»**  
**білім беру бағдарламалары тобына**  
**докторантураға түсушілерге арналған**  
**емтихан бағдарламасы**

**1. Жалпы ережелер.**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

<b>Блогы</b>	<b>Балы</b>
1. Эссе	10
2. Докторантурада оқуға дайындық тесті	30
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	40
4. Сұхбаттасу	20
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО базасында жеке өткізіледі.

**2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.**

1. D142 – «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

**Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға  
арналған тақырыптар.**

**«Әлеуметтік жұмыс теориясы» пәні**

**1 тақырып. Әлеуметтік жұмыс теориясының әдіснамалық негіздері**

Әлеуметтік жұмыстың философиялық негіздері. Әлеуметтанулық парадигмалар және олардың әлеуметтік жұмыс теориясы концепцияларының дамуына ықпалы. Әлеуметтік жұмыстағы психологиялық бағытталған теориялық модельдер. Әлеуметтік жұмыстың педагогикалық негіздері.

**2 тақырып. Ғылыми білімнің саласы ретінде әлеуметтік жұмыс теориясының әдіснамалық мәселелері**

Ғылыми білім жүйесіндегі әлеуметтік жұмыс. Әлеуметтік жұмыс теориясының объектісі мен пәнін анықтаудың заманауи тәсілдері. Әлеуметтік жұмыс теориясының түсініктік және категориялық аппараты. Әлеуметтік жұмыс теориясының принциптері, заңдылықтары, функциялары және әдістері. Әлеуметтік жұмыстың қазіргі парадигмалары, теориялары мен модельдері

**3 тақырып. Әлеуметтік жұмыс тәжірибесінің теориялық негіздемесі**

Әлеуметтік жұмыс тәжірибесінің әлеуметтік кеңістігі. Әлеуметтік саясат контекстіндегі әлеуметтік жұмыс. Клиентпен әлеуметтік жұмыстың теориялық және қолданбалы негіздері. Өмір қызметінің түрлі салаларындағы әлеуметтік жұмыстың теориялық және қолданбалы негіздері. Практикалық әлеуметтік жұмыстың негізгі әдістері. Әлеуметтік қызметкердің профессиограммасы

**4 тақырып. XXI ғасырда әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасының эволюциясы**

Әлеуметтік жұмыстың проблемалық өрісі. Әлеуметтік жұмыс адам капиталын сақтау мен дамытудың құралы ретінде. Жаһандану процестерінің контекстінде әлеуметтік жұмыстағы ғылыми білімнің динамикасы. XXI ғасырда әлеуметтік жұмыс теориясының дамуының мәселелері мен бағдарлары.

**«Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары» пәні**

**1 тақырып. Әлеуметтік жұмыс технологиясының әдіснамалық және теориялық мәселелері**

Әлеуметтік жұмыс технологиясының отандық және шетелдік тәсілдері. Әлеуметтік жұмыс технологиясындағы интервенциялардың әдіснамалық мәселелері. Клиентпен алғашқы байланыс кезеңіндегі интервенцияларды жүзеге асырудың теориялық мәселелері. Әлеуметтік жұмыс технологиясындағы бағалау әдістері. Әлеуметтік жұмыс технологиясындағы жоспарлаудың негізгі мәселелері. Әлеуметтік жұмыс технологиясындағы интервенциялар

**2 тақырып. Әлеуметтік жұмыстың жалпы технологиялары**

Жеке әлеуметтік жұмыс технологиясы. Топтармен әлеуметтік жұмыс технологиясы. Микроәлеуметтік ортадағы әлеуметтік жұмыс технологиялары. Әлеуметтік жұмыстағы кеңес беру технологиялары. Әлеуметтік жұмыстағы супервизия.

**3 тақырып. Қоғамның өмір қызметінің түрлі салаларындағы әлеуметтік жұмыс технологиялары**

Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның құқықтық қатынастар жүйесіндегі қызметі. Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маманның білім беру жүйесіндегі қызметі. Әлеуметтік жұмыс

жөніндегі маманның денсаулық сақтау мекемелеріндегі қызметі. Мамандандырылған медициналық көмек көрсетудегі әлеуметтік жұмыс мазмұны.

#### **4 тақырып. Әлеуметтік жұмыстың пәнаралық технологиялары мен әдістері**

Әлеуметтік жұмыстың ұйымдастырушылық және басқарушылық әдістері. Әлеуметтік жұмыстың психологиялық әдістері. Әлеуметтік жұмыстың педагогикалық әдістері. Әлеуметтік жұмыстың әлеуметтік-экономикалық әдістері

### **«Әлеуметтік жұмыстағы ғылыми зерттеуді ұйымдастыру және жоспарлау» пәні**

#### **1 тақырып. Ғылым және қоғам дамуы**

Ғылыми таным ерекшеліктері (ғылымилық критерийлері). Ғылым білімдер жүйесі ретінде. Ғылыми білім табиғаты. Ғылыми білім формаларының көптүрлілігі. Білімнің ғылыми және ғылыми емес формалары. Таным тарихындағы ғылымдар классификациясы мәселесі. Ғылымның негізгі функциялары.

#### **2 тақырып. Ғылым әдіснамасы**

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар әдіснамасы және әдістері. В. Дильтей, Г.-Г.Гадамер, М. Вебер, В. Виндельбанд пен Г. Риккерт және басқалардың түсініктеріндегі әлеуметтік таным ерекшелігі. Қазіргі әлеуметтік таным ерекшеліктері. «Әдіс» және «методология» түсініктері. Әдістер классификациясы. Эмпирикалық және теориялық танымның жалпы ғылыми әдістері. Эмпирикалық таным әдістері – сипаттау, салыстыру, бақылау, өлшеу, эксперимент, анализ, индукция. Теориялық таным әдістері – формализация, аксиоматикалық және гипотетикалық-дедуктивтік әдіс, абстрактілеу, идеализация, синтез, дедукция, абстрактылыдан нақтыға көшу, логикалық және тарихи сәйкестік және басқалары. Жалпы логикалық әдістер – анализ, синтез, индукция, дедукция, аналогия. Түсіну және түсіндіру әдісі. Герменевтикалық шеңбер.

#### **3 тақырып. Ғылыми-зерттеу жұмысы**

Ғылыми зерттеулер және олардың кезеңдері. Ғылыми-зерттеу жұмысының бағытын таңдау. Ғылыми зерттеулер этикасы. Ғылыми ақпарат: іздеу, жинау және өңдеу. Теориялық және эксперименттік зерттеулерді талдау және қорытындыларды тұжырымдау. Зерттеу жұмысының жалпы талаптары. Ғылыми зерттеулерді жоспарлау. Ғылыми-зерттеу жұмысының құрылымы. Ғылыми мақаланы жазу және рәсімдеу. Теориялық-методологиялық және қолданбалы зерттеулердің нәтижесі ретіндегі ғылыми диссертацияның сипаттамасы.

### **«Әлеуметтік жұмыс теориясы мен әдіснамасының өзекті мәселелері» пәні**

#### **1 тақырып. Әлеуметтік жұмыс теорияларын әлеуметтік құрылымдау**

Ғылыми білім жүйесіндегі әлеуметтік жұмыс. Адам әлеуметтік жұмыс объектісі ретінде: теориялық-методологиялық аспект. Әлеуметтік жұмыс тәжірибесінің ерекшеліктері және оның ғылыми перспективалары

#### **2 тақырып. Әлеуметтік жұмыс теориясының өзекті мәселелері**

Әлеуметтік жұмыс клиент мәселелерін шешу процесі ретінде. Клиент тұлғасының теориялық тәсілдері. Әлеуметтік жұмыс теориясындағы көмек әдісін таңдау мәселесі. Қазақстанда әлеуметтік жұмыс теориясы мен практикасының дамуы мәселелері.

#### **3 тақырып. Әлеуметтік жұмыстың қазіргі заманғы теорияларының классификациясы**

Әлеуметтік жұмыстың қазіргі заманғы негізгі теориялары. Әлеуметтік жұмыстағы гуманизм принциптері. Әлеуметтік жұмыс теорияларының перспективалары.

## 2. Әдебиеттер тізімі

### Негізгі:

1. Теория социальной работы: Учебник для магистров / Е. И. Холостова [и др.]; Под общ. ред. Е. И. Холостовой, Е. Г. Студёновой. — М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2018 — 474 с.
2. Григорьева, И. А. Теория и методика социальной работы: учебник для СПО / И. А. Григорьева, В. Н. Келасьев. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2018. — 254 с.
3. Платонова, Н. М. Введение в теорию социальной работы / Н.М. Платонова. - М.: Санкт-Петербургский государственный институт психологии и социальной работы, 2019. - 28 с
4. Павленок, П. Д. Методология и теория социальной работы / П.Д. Павленок. - М.: ИНФРА-М, 2019. - 60 с.
5. Технология социальной работы: учебник / М.В. Фирсов, Е.Г. Студёнова. — М.: КНОРУС, 2016. — 344 с.
6. Социальная работа с различными категориями населения: теория и практика. / Под общ. Ред. Н. М. Шакировой. – Псков: Псковский государственный университет, 2017. – 130 с.
7. Мокий, М. С. Методология научных исследований: учебник для магистров /М. С. Мокий, А. Л. Никифоров, В. С. Мокий ; под ред. М. С. Мокия. —М.: Издательство Юрайт, 2017 — 255 с.
8. Рузанов В. И., Гончарова А. Н. Актуальные проблемы теории социальной работы / В. И. Рузанов, А. Н. Гончарова; Федеральное агентство по образованию, Красноярский гос. ун-т. - Красноярск: Красноярский гос. ун-т, 2005.
9. Демидова, Т. Е. Современные модели социальной работы / Т. Е. Демидова. - М.: «Экон-Информ», 2017. - 224 с.
10. Топчий Л. В. Актуальные проблемы развития теории социальной работы : историко-социологические очерки - Москва : Изд-во РГСУ, 2018. - 216 с.

### Қосымша:

1. Пэйн, Малькольм. Социальная работа: современная теория / Малькольм Пэйн; под ред. Дж. Камплинга; [пер. с англ. О. В. Бойко и Б. Н. Мотенко]. - Москва: Академия, 2013.
2. Алмазов, Б. Н. Психологические основы педагогической реабилитации: учебник для бакалавриата и магистратуры / Б. Н. Алмазов. — 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2017. — 223 с.
3. Технологии социальной работы: Учеб. пособие / Под ред. И. Г. Зайнышева. М.: Владос, 2014.
4. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work Contexts and Practice : оқулық / М. Коннолли, Л. Хармс, Д. Мэйдмент; [ред. алқа Қ. Е. Көшербаев және т.б.; ауд. Б. Мизамхан]. - 4-бас. - Нұр-Сұлтан : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2020. - 382, [2] б.